

Кирил графикасындағы /ы/, /і/ таңбаларының фонетика-фонологиялық көрінісі

Түйін: Мақалада кирил графикасындағы ы, і таңбаларының фонетика-фонологиялық көрінісі жайында айтылады. Сондай-ақ ы мен і фонемаларының редукциялануы жайында айтылған ғалымдардың пікірлері жан-жақты қарастырылады.

Тірек сөздер: фонетика, фонология, редукция, орфография, фонема.

Қазақ тіл білімінде төл дыбыстар қатарынан орын алатын, кирил графикасындағы ы мен і таңбаларының фонетика-фонологиялық жағы өзіндік мазмұнға ие. Яғни жалаң дауыстыларға жататын ы мен і фонемаларының айырмашылығы бірі жуан, екіншісі жіңішке дыбыс. Яғни жуан дыбысталатын сөздерде ы (сыбаға, сынақ, қылық, жылу т.б.), жіңішке дыбысталатын сөздерде і (сірінке, кісі, кілем, тіс, сүйкімді т.б.) таңбасы жазылады.

Қысаң ы мен і фонемалары сөз мағынасын ажыратып, сөздің барлық позициясында (сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында) да кездесе береді (ыдыс, ырым, мылтық, суық, ірімшік, көңіл, күлкі) және тілімізде ең жиі кездесетін дыбыстардың қатарына жатады.

Ең алғаш рет А.Байтұрсынұлы араб жазуына негізделген жазбасында ы мен і-ні қысқартып жазу қажеттілігі жайында айтып, осы принципті ұстанған. Яғни, ғалым «сөздің басында, ортасында қысқа һәм көмескі естіліп, бар жоғы еленбейтін орындарда жазбаймыз. Мысалы, *қын, қыр, қырын* деген сөздердің ішінде ы-ның барлығы аз сезіледі, хатта сезілмейді деп айтуға болады. Бұл сөздерді ы-ны жазғанда да, жазбағанда да осылай оқимыз. Жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажет жоқ. *Қаны, жаны, малы* деген сөздерде ы-ны жазбай, солай оқи алмаймыз, сөздің аяғында ы-ны жазу қажет» деген ой айтады. Яғни ғалым сөздің мағынасы бұзылмай, оқуда кемшілік кетпейтін болса, ы-ны түсіріп жазу керектігін, ал сөздің мағынасы бұзылатын болса ы-ны жазу керектігін баса айтады [1].

Ғалым Қ.Жұбановтың да пікірі А.Байтұрсынұлының пікіріне сәйкес келеді. Ғалым ы мен і-ні бір буынды сөзде жазып, екі буынды сөзде жазбаса да болады дегенді айтады: *біл – блек, қыр – қрау, ыс – стау* т.б. [2]. Ғалым 1935 жылғы латын графикасына арналған жобасында мынадай ереже ұсынады: Ограничить употребление беглого гласного, но обозначая его в письме там, где это не необходимо: а) в начальном открытом слоге, когда за ним следует слог с полным гласным а, о, е, і. Т.е. вместе теперешних: *сьlan, сьluy, бьlek* писать: *clan, cluy, blek*. Там где за открытым слогом с беглым гласным ь следует слог опять с беглым гласным ь, там ь не отпускается: *сьrm, бьlrm, сьlk, гьrg, сьrg, зьgr; б)* во всех закрытых и замкнутых слогах *zzar, gpal, galg, 'bork, grman, cums, blmpaz; в)* во всех открытых слогах, где отсутствие буквы ь не вызывает другого чтения; г) в начале слове перед *r, u, i, ь* не отмечается там, где не исказит смысл слова: *ru – род, yru – бить (не ruv), ret m.д.* [2]. Яғни осы

ережеден А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың пікірлері сәйкес келетінін байқауға болады.

Жалпы қазақ тіл білімінде *ы* мен *і* фонемалары басқа фонемаларға карағанда редуцияға көп ұшырайды. Қазақ тілі фонетикасының заңдылығын зерттеген ғалым Ж.Аралбаевтың зерттеулерінде де *ы* мен *і* фонемаларының сөз арасында түсіп қалатындығы жайында айтылады. Айталық, ғалым *ы* мен *і* қысаңы *л*, *р* сонарынан бұрын және сөздің екпінсіз позициясында редуцияға ұшырайтыны (*қырық – қрық, қызыл – қзыл, қызық – қзық, пышақ – пшақ, қытық – қтық, қысыр – қсыр, шыбық – шбық, білек – блек, тілек – тлек, тірі – трі, білім – блім, кісен – ксен, пішен – пшен, тікен – ткен* т.б.), кейде сөздің екпінсіз екінші буынында да (*р* мен *н*-ның (*орын-ы – орны, қарын-ым – қарным, мұрын-ы – мұрны*), *у* мен *з*-ның (*ауыз-ым – аузым*), *р* мен *н*-ның (*бөрік-і – бөркі, ерін-і – ерні*), *й* мен *н*-ның аралығында (*ойын-ы – ойны*) *ы* дыбысы түсіп қалатындығы жайында айтылады. Мұндай *ы*-ның түсірілуі ритмикалық екпінмен айтылатын сөз тіркесінің аралығында да болатынын мына мысалдар арқылы дәлелдейді: *торы ат – тор ат, сары адам – сар адам, сары май – сар май* т.б. Сонымен қатар қысаң *ы*-мен біткен сөзге ашық дауыстымен басталатын қосымша жалғанғанда *ы* түсіп қалады: *алты-ау – алтау, оқы-у – оқу* т.б. Сондай-ақ сөздің екпінсіз екінші буынында *р* мен *к*, *н*-нің аралығында *і* дыбысы түсіп қалады: *ерін – ерні, ерік – еркі, бөрік – бөркі* т.б. Ашық дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда *і* қысаңы редуцияға ұшырайды: *екі-еу – екеу, жеті-еу – жетеу* т.б. Яғни *ы* мен *і* қысаңы фонематикалық сапасынан айырылады [3]. Яғни қысаң дауыстылар екі буынды сөздердің бірінші буынында редуцияға ұшырағанымен, түсіп қалмайды да (*қызыл, пышақ, қытық, кісен, тікен* т.б.), ал үш буынды сөздердің ортаңғы буынында фонематикалық мәнін мүлде жоғалтады деген тоқтамға келеді (*орны, аузы, бөркі, ерні* т.б.) [3].

Дауысты дыбыстардың редуциясы жайында жан-жақты зерттеу жасаған ғалым Б.Қалиев өзінің «Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редуциясы» деп аталатын монографиясында: «*Жый, жыйын, жый[ы]нал* деген сөздерді салыстыру барысында бір буынды «жый» сөзіндегі [*ы*] дыбысына карағанда «жыйын» сөзінің бірінші буынындағы [*ы*] дыбысының қысқа әрі әлсіз екендігін, ал екінші сөздің соңғы буынындағы [*ы*] дыбысына карағанда үшінші сөздің ортаңғы буынындағы «*ы*» дыбысының әлдеқайда әлсіз болып, тіпті түсіп қалады» деген тұжырым айтады [4].

Қазақ тіліндегі *ы* мен *і* дауыстыларының редуциялануы жайындағы пікірді П.М.Мелиоранскийдің «Қазақ-қырғыз тілдерінің қысқаша грамматикасы» атты еңбегінен де көруге болады. Ғалым «екі буынды сөздердің бірінші буынындағы қысаң дауыстылар қатаң дауыссыздардың аралығында тұрған жағдайда түсіп қалады» деген ой айтып, оған мысал ретінде *пышақ – пшақ, кісі – ксі, тісім – тсім* т.б. деген сөздерді келтіреді [5]. Сондай-ақ В.А.Богородицкий орташа-ашық дауыстыларға карағанды қысаң дауыстылар екпінсіз буында өте күшті редуцияға ұшырайтынын баса айтады [6]. Ал Н.А.Баскаков өзінің қарақалпақ тіліне қатысты зерттеуінде қысаң дауыстылардың қандай жағдайда редуцияланып, қандай жағдайда

редукцияға ұшырамайтынын айтып, екпінге және сөздің орнына қарай үшке бөліп қарастырады. Біріншісі – редукцияланбаған қысаң дауыстылар. Олар сөздің соңғы күшті екпінді буынында тұрады. Мысалы, *арық, билим (білім), толұқ (толық)* т.б. Екіншісі – редукцияланған қысаң дауыстылар. Олар сөздің бірінші әлсіз екпінді буынында тұрады. Мысалы, *қызыл, билек* т.б. Үшінші – күшті редукцияланған қысаң дауыстылар. Олар сөздің ортаңғы екпінсіз буынында, **р-н, в-з, в-л, в-с, и-к, й-р** дауыссыздарының аралығында ұшырасады. Мысалы, *мурунуң – мурнуң, орыны – орны, аузы – авзы, давысын – давсын, аулық – авлық* т.б [7].

Осы орайда академик І.Кеңесбаев та ы мен і фонемаларының түсіп қалуы жайында айтып, *ерін – ерні, мұрын – мұрны, көңіл – көңлі* деген мысалдарды келтіреді, яғни ғалым «сөз аралығындағы қысаң ы мен і фонемаларының түсіп қалуы, сөз соңына өзі тектес дыбыстардың жалғануынан» туындайтындығын айтады [8]. Осы орайда ғалым Б.Қалиев: «түсіп қалу түбір сөзге қосымша жалғанған кездің бәрінде бола бермейді. Ол үшін, қысаң дауысты екі буынды түбір сөздің соңғы тұйық буынында келіп, оған қандай да болмасын дауыстыдан басталған қосымша жалғануы керек. Мысалы: *мойын+ы>мойын – мойын + тұрық>мойынтұрық; орын+ы>орны – орындық; ауыз+ы>аузы – ауыздық* т.б.» – деп мысалдар арқылы дәлелдейді.

Э.В.Сэвортян пен А.Н.Кононовтың еңбектерінен де ашық дауыстыларға қарағанда қысаң дауыстылар әлсіз әрі тұрақсыз келетіндігі, сондықтан олар редукцияға тез ұшырайтындығы жайында айтылатындығын көруге болады. Э.В.Сэвортян: «қысаң дауыстылар тек ғана екпінсіздігінен ғана емес, сонымен бірге, буын түріне, көршілес дауыссыздардың сапасына, сөздегі және екпінге қатысты орнына, сондай-ақ сөйлеу қарқындылығына байланысты әртүрлі болып редукцияланады, кейде түсіп те қалады. Олар екпін алдындағы ашық буында, егер шұғыл мен сонар немесе ұяң дауыссыздардың аралығында келсе, өте күшті редукцияланып, созылыңқылығы жағынан қысқа айтылады, сапасы жағынан көмескі дыбысталады (*қызыл, сарымсақ*)» деген тұжырым жасайды [9]. Сондай-ақ ғалым Н.Уәли: *ақыл – ақылы, ауыл – ауылы, көңіл – көңілі, бауыр – бауыры, жиын – жиыны, сайын – сайыны, жайын – жайыны, ақыл – ақылы* деген сөздер семантикалық жағынан өзгертіндіктен, ы, і қысаңдарын редукциялауға болмайды дегенді айтады [10].

1940 жылдары қазақ тілі кирил әліпбиіне өткен тұста қысаң ы мен і әріптерін таңбалау туралы орфография ережелері қабылданып, онда «ы әрпі орыстың толық дауысты «ы»-сы есебінде және қазақтың қысаң «ь»-сы есебінде де қолданылады. Мысалы, *былтыр, қалық, орын, арық, рынок, рычаг*. Ескерту: «ы» әріптері дүдәмәл естілгенде я буын араларында алып тастағанда, сөз мағынасы бұзылмайтын болса, жазылмайды. Мысалы: Смағұл (Ысмағұл емес), рет (ірет емес), Ахмет (Ахымет емес), мағна (мағына емес), жұрт (жұрыт емес), жалт-жұлт (жалыт-жұлыт емес)» – делінген [11]. Сол кезеңдерде ғылымдар арасында қысаң ы мен і әріптерінің жазылу, жазылмауы жайында көптеген пікірлер айтылып жатты. Айталық, Қ.Аманжолов: «Қазақ жазу ережемінде ерекше көзге түсіп жүрген кемшіліктер ы, і әріптерінің таңбасын өте көп қолданып жатқанымызда. Шынында да, *жыйылысымызды* деген

сөздің өзінде алты **ы** бар. Ы мен і-ні неғұрлым аз жазуға тырысушылықты екінің бірінің жазуынан көруге болады. Мысалы: *Дауылбай – Даулбай, Нұрнейіс – Нұрнейіс, жиын, қиын, ширақ*» – деген ой айтса, ал М.Балақаев «ы, і дыбысы естілген жердің бәрінде жазылады» деген ереже ұсынады. 1957 жылы ҚТОНЕ түзілгенде бұл мәселенің басы ашылмаған еді. Мысалы, 5 маусымда бекітілген ережеде **ы, і** әріптері кей уақытта түсіп қалады: *әріп – әрпі, ауыл – аулы, ғылым – ғылми, ресім – ресми*» делінеді. Кейін терминология комиссиясының шешімі бойынша ғылыми болып өзгертіледі [12]. Ғалымдардың зерттеулерінде көбінесе, мүмкіндігінше ы мен і әріпін түсіріп үнемдеп жазуды дұрыс деп санаған. Ол тек мағынасына әсер етпесе болды деген ой айтады.

Ы, і әріптерінің сөз ішінде бірде редукцияға ұшырап, ал бірде сақталып жазылуына қатысты Б.А.Қалиев төмендегідей ереже ұсынады: а) жартылай естілетін үш буынды сөздердің ортасында түсірілмей жазылады: *ыбырой, айырым, ақымақ, саңырау, қоңырау, мағына, құбылыс, топырақ, дәрігер, көкірек, қабілет, көрініс, мәлімет, мейірім, мәжіліс, үзіліс* т.б; ә) сөздің соңғы буыны ы, і болып, оған тәуелдік жалғауы жалғанғанда ы, і дыбыстары сақталып жазылады: *бақыт-ы – бақыты, бұйым-ы – бұйымы, дәуір-і – дәуірі* т.б; б) сөз тәуелденіп, соңғы жыбысы ұянданғанда ы, і әріптері түсірілмей жазылып, к дыбысы г-ге, қ дыбысы ғ-ға айналады: *көрік – көрігі, қорық – қорығы, білік – білігі* т.б. Кейде мағына ажыратушылық қызмет атқарғанда ы мен і түсіріліп жазылады: *көрік – көркі, ерік – еркі, қауіп – қауіп* т.б; в) л, р, әріптерінен кейін а, ә, е, у, и, ү әріптері келсе, бұлардың алдынан ы, і әріптері естілгенімен, жазылмайды: *лақ, лай, лаж, лайық, риза, рәсуа, рұқсат, рақмет, әлгіш, ілік, ырым, ырыл, Ырысжан, Ырысты, Ырысбек, Ыдырыс* т.б; г) кейбір еліктеуіш сөздерде ы жазылмайды: *жалт-жұлт, жарқ-жұрқ, сарт-сұрт* т.б; ғ) кейбір буындардың ортасында жазылмайды: *медресе, мәжнүн, малғұн, баурау, лоблу, сахна, яғни* т.б; д) кейбір сөздердің соңғы буынында ы, і әріптері болып, оған дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда ы, і айтылымда да жазылымда да түсіп қалады: *жиын-а – жина, ойын-а – ойна, орын-а – орна* т.б. Ал *ойын – ым – ойыным, жиын – ың – жиының* дегенде ы түсірілмей жазылады [13].

Қорыта келгенде латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуын жасауда емлеге қатысты шешіліп, қысаң ы мен і әрпін қандай жағдайда жазып, қандай жағдайда түсіріп жазуға қатысты ғалымдардың пікірлерін жан-жақты қарастырып, негізге алу қажет деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Байтұрсынұлы А.Тіл тағылымы. Алматы, 1992, -414 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999 -580б.
3. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Адмвты, 1988.
4. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы Адмвты, 1984

5. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Т.1 Спб., 1894
6. Богородицкий В.А. Этюды по татарскому и тюркскому языкознанию. Казань, 1933.
7. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. –М., 1952. Т.2, ч. I
8. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954
9. Сэвортян Э.В. Фонетика турецкого литературного языка. –М., 1955
10. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. Алматы, 1988.
11. Аманжолов С. Орыс графикасына негізделген қазақтың жаңа алфавиті және орфографиясы. Алматы, 1940
12. Қазақ тілі орфографиялық сөздігі. Алматы, 1978
13. Қалиев Б.А. Қазақ тілінің фонетикасы. Қарағанды, 2016